**Тексерілді:** 29.09.25ж. [signature]

**Оқу ісі жөніндегі орынбасары**

**Махметова М.Б**

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы «Жалтыр ауылының №2 жалпы орта білім беретін»КММ**

**Топ\сынып Мектепалды даярлық О «а» сыныбы**

**Балалардың жасы 5 жастан бастап**

**Жоспардың құрылу кезеңі 5-Апта 29 қыркүйек-03 қазан 2025-2026 оқу жылы**

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылығы:** Бірлік және ынтымақ
**Құндылық айы:** Тәуелсіздік және отаншылдық
**Қауіпсіздігі:** «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б.сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.
**Апта дәйексөзі:** «Ел- жұртымның бақыты аталатын, сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу,Кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:Балаларды сабаққа уақытысында әкелу, сабақтан қалдырмауды ескерту** | **Ата-аналармен әңгіме:**Ата-аналарға балалрдың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме:** «Дұрыс тамақтануға баулу» | **Ата-аналармен әңгіме: Балалардың ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келуді ескерту.** | **Ата –аналармен әңгіме:** Балаларға үлкенді құрметтеп айналасына мейрімді болуға баулу |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары,бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа** | Сөздік тренинг ойыны: «Болады-болмайды» тренингі(оқушылар шеңберге тұрады, мұғалім болатын нәрселерді айтқанда оқушылар қолдарын үш рет шапалақтайды, ал болмайтын | Ойын: «Мейірімділік жібі» Шарты: Сендер дөңгелене жайғасып отырыңдар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, жәй бермеймін, Кімнің немесе ненің мейірімді екендігін айтып | Қоршаған ортаны қорғау оған мейіріммен қарауға тәрбиелеу балалармен шағын әңгіме жүргізу *Осылай бола ма?* *Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, айнымалы пікірді байқауға тәрбиелеу.* | Үстел үсті ойындары: «Мейірімділік гүлін» құрастыру Балаларға түрлі-түсті қағаздан әртүрлі гүлдерді қиып, жапсырмалайды. Фотосуреттер қарау. | Сурет салу. «Күз» Күз бейнесін салу арқылы жылдың төрт мезгілімен танысып қайталау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеттер)** | нәрселерді айтқанда қолдарын бір рет шапалақтайды)-<br>Мейірімді болуға ....<br>(болады), Кешірімді болуға ....<br>(болады), Қатыгез болуға ....<br>(болмайды), Тәртіпті болуға ....<br>(болады), | беремін. Ал сендер болса, дәл осылай келесі балаға бересіңдер.<br>Еңбек тапсырмасы:Балықтарға жем беру | *Ойын ережесі. Кім өтірік әңгімені байқаса, сол неге бұлай* болмайтынын дәлелдеуі керек.<br>Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю | Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю,шаңдарын сүрту | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Таңғы жаттығу кешені №1** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Жылулық сәті:<br>«Біз бақытты баламыз»<br>Кел,шеңберге тұрайық,<br>Қолымызды ұстайық.<br>Күлімдейік күлейік,<br>Тату болып жүрейік. | Жылулық сәті:<br>Мейірімділік-асыл қасиетіміз,<br>Жүректегі таза ақ ниетіміз.<br>Жан дүние кілті,<br>Шаттық пенен күлкі.<br>Бик ұстап соны,<br>Қадірлейік біз! | Жылулық сәті:<br>«Нәр алып»<br>Аман-есен болайық,<br>Бейбітшілік қалайық!<br>Күнге қарап шуақтанып,<br>Суға қарап нәр алып,<br>Табиғаттан шабыттанып,<br>Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік. | Жылулық сәті:<br>«Қуан,шаттан!»<br>Қуан, шаттан!<br>Қуан, шаттан!<br>Қуанатын күн бүгін.<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін. | Жылулық сәті:<br>«Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң!<br>Ормандар мен далалар.<br>Қайырлы таң!<br>Достасқан бар<br>Балалар,<br>Қайырлы таң!<br>Жора-жолдас,ұл мен қыз! |
| **Білім беру ұйымыныңкестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 7 саны және цифры<br>**Мақсаты:**Балаларды **7 саны және цифрымен таныстыру,** 1-ден 7-ге дейін тура және кері **санай білуге үйрету,** сан мен зат арасындағы байланысты түсіндіру, логикалық ойлау мен салыстыру дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтеже:** | **Сөйлемді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Қорыққанға қос көрінеді (ертегісі)<br>**Сабақтың мақаты:**<br>ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету;<br>-балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту;<br>-баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** ертегі мазмұнымен, оның кейіпкерлерімен танысады. Батырлық пен қорқақтықтың айырмашылығын түсінеді. Сөздік қорлары артады.<br>**Дидактикалық ойын: «Сөйлемді жалғастыр»** – Балалар, мен айтқан сөйлемді сендер мағынасына қарай жалғастыруларың керек. Ойын шарты: педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**8 саны және цифры<br>**Мақсаты:**1-ден 8-ге дейін тура және кері санау дағдыларын жетілдіру, заттарды санау арқылы сан мен цифр арасындағы байланысты нақтылау, қосу мен азайту амалдарын тәжірибе жүзінде орындауға үйрету.<br>**Күтілетін нәтеже:**Балалар 8 саны мен цифрын таниды және атай алады;<br>· 1-ден 8-ге дейін тура және кері санай біледі;<br>· 8 санының құрамын анықтай алады;<br>· 8 санына сәйкес заттар | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:**Дауыссыз дыбыстар<br>**Мақсаты:**Балаларды дауыссыз дыбыстармен таныстыру, олардың айтылу ерекшелігін, жазылуын, және сөз ішіндегі орнын анықтауға үйрету; тыңдау және дыбыстық талдау қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтеже:**<br>Балалар дауыссыз дыбыстарды танып, атай алады;<br>· Дауысты және дауыссыз | **Сауаташу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Біз нені үйрендік<br>**Мақсаты:**Балалардың өткен сабақтардан алған білімдерін жинақтап, бекіту, дыбыстар мен әріптерді тану және ажырату дағдыларын пысықтау, буын, сөз және сөйлем құрастыру арқылы сөйлеу және оқу қабілетін дамыту, оқуға деген қызығушылық пен сенімділікті арттыру.<br>Күтілетін нәтеже: Балалар өткен дыбыстар мен әріптерді таниды және атай алады;<br>· Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата алады;<br>· Буыннан сөз, сөзден сөйлем құрастырады; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар 7 саны мен цифрын таниды және атай алады;<br>· · 1-ден 7-ге дейін тура және кері санай алады;<br>· · 7 цифрын дұрыс жаза алады;<br>**Дидактикалық ойындар:**“Жеті алма”<br>Мақсаты: 7 санының мәнін түсіндіру.<br>Құрал: 7 алма суреті немесе ойыншық алма.<br>Ойын барысы:<br>Мұғалім үстелге алма қояды, балалар санайды:<br>Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті — барлығы 7 алма!<br>Сұрақтар:<br>– Егер біреуін жеп қойсақ, неше қалады? (6)<br>– Егер біреуін қосса, нешеу болады? (8) | керек. Мысалы: Педагог: Балалар: Анам үйге кірді. Інім картоп аршыды. Атам сиырды суғарды. Алма өте дәмді. Өзен қыста қатады. Лақтар өте сүйкімді. Достар шахмат ойнады. Медет – жақсы бала<br>Қорыққанға қос көрінеді ертегісінің мазмұнымен толық танысады.<br>Баяғыда әже, күлекеш немере, қыттықтай беретін тауық және пештің астын мекендейтін тышқан болыпты. Олар күнде су тасиды екен. Әжесінің қолында үлкен шелек, немересінің қолында кішірек шелек, тауықта қиярдың үлкендігіндей, тышқанда оймақта шелек бар екен. Әжесі суды құдықтан, немересі астаудан, тауық шалшықтан, тышқан торғайдың тұяғы кірген жерден алады екен. ......<br><br>1-тапсырма. Дидактикалық ойын «Белгілі дыбысқа сөз таңда».<br>Әже сөзіндегі Ә дыбысына, қыз сөзіндегі Қ дыбысына, тышқан сөзіндегі Т дыбысына<br>2-тапсырма. Мағынасын түсіндір «Батыр бір өледі, қорқақ мың өледі»<br>3-тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Сурет бойынша әңгімеле | санын дұрыс анықтайды;<br>**Дидактикалық ойындар:**“Сиқырлы сегіздік” (қорытынды ойын)<br>Мақсаты: Білімді бекіту және өзін-өзі бағалау.<br>Ойын барысы:<br>Мұғалім сұрақтар қояды:<br>– 8 санының алдында қандай сан тұрады? (7)<br>– Артында не? (9)<br>– 8 санына сәйкес мысал келтір (мысалы: өрмекшінің 8 аяғы бар). | дыбыстарды ажырата біледі;<br>· · Сөз ішінен дауыссыз дыбысты естіп, таба алады;<br>**Дидактикалық тапсырмалар:**“Дауысты ма, дауыссыз ба?”<br>Мақсаты: Дыбыстарды салыстырып, дұрыс ажыратуға үйрету.<br>Құрал: Әріптер жазылған карточкалар.<br>Ойын барысы:<br>Мұғалім әріпті көрсетеді, бала анықтайды:<br>–“М” — дауыссыз дыбыс.<br>– “А” — дауысты дыбыс. | · · Сөздің дыбыстық талдауын жасай алады;<br>**Дидактикалық тапсырмалар:**<br>“Дыбысты тап!”<br>Мақсаты: Өткен дыбыстарды қайталау, есте сақтауын дамыту.<br>Құрал: Әріп карточкалары (А, Н, М, Қ, С, Л, Т, Б т.б.)<br>Ойын барысы:<br>Мұғалім дыбыс атайды, балалар сол дыбысқа сәйкес әріпті табады және сол дыбыстан басталатын сөз айтады. |
| **Күй күмбірі- үзіліс** | | **Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойында «Лақтыр да қағып ал»** | | | |
| Суретті тіл ұстарту:<br>**Ша – ша – ша**<br>Айшаның шанасы **тама (ша)**<br>**Са – са – са**<br>Қасқыр соқты **Мұ (са)**<br>**Ол – ол – ол**<br>Ағашта лимон **м(ол)**<br>**Ра – ра – ра**<br>Дүкеннен нан алды **Са (ра)**<br>**Із – із – із**<br>Тамаққа қосты **сәб(із)**<br>**Жу – жу – жу**<br>Ыдысты тазалап **(жу)** | |  | | | **Психологиялық ойын: «Суреттерді аяқтайық» жаттығуы.**<br>**Мақсаты:**<br>**Оқушылардың логикалық ойлауын , көру арқылы есте сақтауын бойынша жұмыс істей білуін дамыту .**<br>**Ойын шарты: Алдын-ала тақтаға мысықтың және қоянның құлақтары салынған плакат ілініп дайындалады. Оқушылардың көздері шарфпен байланады да, олар кезек-кезекпен шығып, бірі денесін, бірі басын, бірі аяғын салады, осылайша жалғаса береді.** |

| 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Біз нені үйрендік?Нені білдік?<br>**Мақсаты:** -балаларға дыбыстық талдау жасауды үйрету;<br>-сөздерді буынға бөлуді дамыту;<br>-саусақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**: Дауысты дыбыс пен дауыссыз дыбыстарды жатқа білу<br><br>1-тапсырма. Суреттегі заттарды ата.<br><br>2-тапсырма<br><br><br>3-Тапсырма.<br><br> | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 8 саны және цифры<br>**Мақсаты:**Балаларды **8 саны және цифрымен таныстыру,**<br>1-ден 8-ге дейін тура және кері **санай білуге үйрету,**<br>заттарды санау арқылы **8 санының мәнін түсіндіру,**<br>математикалық ойлау мен логикалық қабілетті дамыту.<br>**Күтілетін нәтеже:**<br>· Балалар 8 саны мен цифрын таниды және атай алады;<br>· · 1-ден 8-ге дейін тура және кері санай алады;<br>· · 8 цифрын дұрыс және әдемі жаза алады;<br>**Дидактикалық ойындыр:“Қанша қоян секірді?”**<br><br>**Мақсаты:** Санау дағдысын бекіту.<br>**Құрал:** Қояндардың суреті.<br>**Ойын барысы:**<br>Мұғалім айтады:<br><br>“Орманда 8 қоян секіріп жүр. Бір қоян тығылды. Нешеуі қалды?”<br>Балалар жауап береді:<br>“7 қоян қалды.”<br>Содан соң: | **Сөйлемді дамыту**<br>**Тақырыбы:**Отбасының күзгі еңбегі<br>**Мақсаты:** отбасының күзгі бақшадағы еңбектері жайлы әңгімелесу;<br>-отбасының еңбегі туралы шығармашылық әңгіме құрауға үйрету;<br>-балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту; балаларды еңбек етуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** отбасымен жасайтын еңбек түрлерімен танысады. Еңбекпін наны тәтті екендігін біледі. Үлкендерге көмектесуді біледі.<br><br>**Дидактикалық жаттығу: «Сөйлемге қажетті сөзді қос»** – Мен сендерге бір сөзі жетпейтін сөйлем айтамын, ал сендер сөйлем дұрыс құрылу үшін, мағынасы бойынша келетін сөз қосуларың керек. Мысалы: Әкем балғамен шегені ... (шегеледі). Әжем шұлық ... (тоқыды). Көбелек гүлге ... (қонды). Бағдаршамда қызыл түс ... (жанды). Құрылысшы кірпіш ... (қалады). Дәрігер науқасты ... (емдеді). Атам газет ... (оқыды). Балалар далада ... (ойнады). Әпкем ыдысты ... (жуды). Ағай күй ... (тартты).<br><br>Дидактикалық ойын:<br>«Сөйлемді толықтыр»<br>Мақсаты: Сурет бойынша сөйлемдерді құрауға, жай сөйлемдерді толықтыруға үйрету.<br>Көрнекілігі: «Аулада» тақырыбындағы мазмұнды сурет.<br>Мазмұны: педагог балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: Әсем ойнап жүр. Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: Әсем аулада ойнап жүр. Келесі бала тағы бір-екі сөзді қосады. Әсем аулада досымен ойнап жүр | **Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** Ойнайық та ойлайық<br>**Мақсаты:** меңгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-ойлау қабілеттерін дамыту,сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру;<br>-бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінеді. Күнделікті өмірде қолдана біледі<br>-ойлау қабілеттерін дамыту,сұраққа толық жауап береді. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттығады;<br>Жылжымалы суреттермен ойын: «Аулада». Жаңа сөздермен таныстыру.<br>– Балалар, мынау – аула.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – аула.<br>– Мынау – ... (аула сөзін айтып жаттығады).<br>– Аулада не болуы мүмкін?<br>Үнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі. Балалар дауысы бойынша жануарды атап, суретін аулаға орналастырады. Аулада сиыр бар. т.с.с.<br>Педагог үй құстарын (тауық, әтеш) естеріне түсіреді. Мынау не?<br>Аулада тауық (әтеш) бар.<br>Құстардың суреттерін аулаға орналастырады<br>– Мынау – қаз. Қаз – үй құсы.<br>– Мынау – ... (қаз).<br>– Қаз қандай құс?<br>– Қаз – үй құсы.<br>– Аулада қаз бар.<br>– Аулада не бар?<br>– Аулада қаз бар. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Алтын астық (Қосжан Мүсірепов)<br>**Мақаты:** -ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау орта, қабілеттерін дамыту;<br>-адал дос болуға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Жыл мезгілдерімен танысады. Күз мезгіліндегі егістіктегі еңбек түрлерін біледі. Ондағы қайнаған еңбекпен келген астықтың қандай пайдасы бар екендігін біледі. Астық жинайтын техника түрлерімендe танысады.<br><br>Педагог балаларға өлең жолдарын шабытты түрде айтқызады (3-4 балаға).<br>Атасы немерелерімен қайда барды?<br>Балаларға ат қойып, олардың атасымен саябаққа барғаны туралы әңгіме құра.<br>2. Суретке қара. Балалар қандай ойын ойнап жүр?<br>Сен қандай ойын ойнағанды жақсы көресің?<br>3. Жұмбақты шеш.<br>Қойны толы жеміске,<br>Көк майсалы егісте<br>Көбелек қуып ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (Жаз<br><br>1-тапсырма.<br>Суреттегі қай жыл мезгілі?<br>Суретте не бейнеленген?<br>Астықты қай кезде жинайды?<br>Астықты қырманға немен жеткізеді?<br><br>2-тапсырма.<br>Жұмыс барысының реті бойынша нөмірле.<br><br>3-тапсырма. Жұмбақты шеш. Жеке жұмыс.<br>Ұзын мұртты сарылар,<br>Қойынында дәні бар.<br><br>4-тапсырма.<br>Не артық? Белгіле. |

<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td>“Тағы бір қоян қосылды. Енді нешеу болды?”<br>“8 қоян.”<br>8 санын тауып,краскамен бояу<br></td>
<td><br>Тапсырма. Жемістер мен көгеністерді ата.<br>Тек көгеністерді боя.<br>Көгеністерді сәйкес пішіндермен сәйкестендір.</td>
<td>– Мынау – үйрек. Үй-рек.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – үйрек.<br>– Үйрек – үй құсы.<br>– Үйрек қандай құс?<br>– Үйрек – үй құсы.<br>– Аулада үйрек бар.<br>Мынау – аула. Аулада үй жануарлары бар. Олар сиыр, қой, жалқы, ит, мысық. Аулада үй құстары да бар: әтеш, тауық, қаз, үйрек, күркетауық. Адам үй жануарларға және құстарға шөп, жем береді.<br>Балалар мәтінді қайталайды<br>1-тапсырма<br>Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Күз мезгілінің суретін аяқтап сал. Күздің белгілерін ата.<br><br>Жеке жұмыс.<br>Ойын-игра<br>Ойлан- думай</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">Күй күмбірі- үзіліс "Шапшаң жүргізуші" ашық ойыны</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Топ, топ, добым.<br>Топ, топ, добым домалақ,<br>Қайда кеттің домалап.<br>Бір, екі деп екі ұрдым, -<br>Шатырға сен секірдің.<br>Үш, төрт, бес деп үлгердім,<br>Ішіне ендің гүлдердің.<br>Алты, жеті дегенде,<br>Жаттың шоршып еденде.<br>Сегіз, тоғыз дегенде,<br>Сайға сырғып жөнелдің.<br>Топ, топ, добым домалақ.<br>Қайда кеттің домалап | |  |  | **"Шапшаң жүргізуші" ашық ойыны.**<br>***Мақсаты:*** балаларды түрлі-түсті сигнал бойынша әрекет етуге, әр түрлі бағытта шашыраңқы қозғалуға, залдың барлық аумағын пайдалануға жаттықтыру. Жол қозғалысы ережелерін қайталаңыз.<br>***Ойын барысы:*** Балалар бүкіл залда ерікті түрде орналасады, әр баланың қолында руль (құрсау) болады. Тәрбиешінің нұсқауы бойынша: "Кеттік!" - балалар – "көліктер" бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысып, бүкіл залды әртүрлі бағытта аралайды. Егер мұғалім қызыл жалаушаны көтерсе, онда барлық машиналар тоқтайды. Егер жасыл болса– қозғалысты жалғастырыңыз. | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**Дене қабілеттерін дамыту.<br>**Мақсаты:** -денені дұрыс ұстау дағдыларын бекіту. Допты оң, сол қолымен жерге соғуға жаттықтыру<br>**Күтілетін нәтиже**: Дененің үнемі шыныққанды болу үшін жаттығуды жасап жүру.<br><br>«Баскетбол»<br>Допты бір қолмен жүргізу. Нұсқау – допты саусақтардың басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру. Допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады. Допты соққанда күшін доп кеуде деңгейіне ғана ұшатындай етіп мөлшерлейді<br>1-тапсырма<br>Денені қыздырамыз<br> <br>Жалпы саптағы жаттығулар. | **Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:**Жиде ктер<br>**Мақсаты**: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету.<br>Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білудағдыларын дамыту.<br>Диалогке қатысуға үйрету.<br>-қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Сұраққа толық жауап бере алу дағдыларын және артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Жидектерді жатка айтады.<br>Сөздерді байланыстырып, | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Арыстан мен тышқан (қазақ халық ертегісі)<br>**Мақаты:** -ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға,баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегінібаяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету;<br>**Күтілетін нәтиже:** ертегі мазмұнымен, кейіпкерлерімен танысады. Қайырымдылық жасаудың үлкен кішісі жоқ екендігін біледі. Айналасындағыларға көмектесуді үйренеді.<br><br>Қимылды ойын<br>«Үшінші артық».<br>Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:** Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?<br>**Мақсаты:** -жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту;<br>-жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау қабілеттерін қалыптастыру;<br>-себеп-салдар байланысын анықтау қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау қабілеттері қалыптасады. | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**Доппен ойнап, көңілінді көтер!.<br>**Мақсаты:** -допты асыра лақтыру, кедергілерден еңбектеп өту жаттығулары<br>**Күтілетін нәтиже:** Доп арқылы денені қыздыруға түрлі жаттығулармен ойындарды білу.<br><br>**«Гимнастика»**<br>Ұзын орындықтың бетімен жүру.<br>Шектеулі бетпен жаттығулар орындайды.<br>Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп жүреді. Әр аттаған сайын аяғын жоғары көтеріп, аяқ астынан бір шапалақ ұрады.<br>Арқасын түзу ұстап еркін қимылдап, нұсқауға сәйкес қозғалуға тырысады.<br>Қажет болса, әрқашан қауіпсіз секіріп, жерге түсіп кетуге дайын болуы керек<br> <br>**Ашық ойын "Жылдам доп".** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1.Жүру. (аяқтың ұшымен, өкшемен, екі қырымен, жартылай бүгіп)<br>2.Жүгіру жаттығулары.<br>3.Жалпы дене қыздыру, қимыл жаттығуларын қатарда және шеңберде жасату<br><br>Қауіпсіздік ережелері<br>1.Қысқа қашықтықта тек өз жолыңмен жүгіру<br>2.Жүгіретін, секіретін, лақтыратын алаңдарды көлденең кесіп өтуге болмайды. | сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету.<br>**Қимылды ойын**<br>«Үшінші артық».<br>Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Жаттығу ойыны<br>Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты:<br>Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;<br>Қозғалыс координацияларын сақтау;<br>Мақал-мәтел<br>-Сәуір айы-су айы,<br>Мамыр айы- гүл айы.<br>-Көктемгі жауын артық болмас.<br>1-тапсырма. Жидектерді тап және ата. Қызыл түспен белгіле.<br><br>2-тапсырма. Жұмбақты жаттап ал.<br>Жапырақты тасалап,<br>Өскен жері бау- бақша,<br>Күрең қызыл, шіркін- ай,<br>Жидектің аты-... (құлпынай)<br>Қосымша тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Жидектерге нелер жатады?<br><br>**ЖИ тапсырма**<br>[https://learningapps.org/view22649555](https://learningapps.org/view22649555) | Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты:<br>Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;<br>Қозғалыс координацияларын сақтау;<br><br>Мақал-мәтел<br>-Сәуір айы-су айы,<br>Мамыр айы- гүл айы.<br>-Көктемгі жауын артық болмас<br>1-тапсырма<br>Суреттерді қара.<br>Арыстан тышқанға не айтты?<br>Тышқан арыстанға қалай көмектесті?<br>Тышқанның тапқырлығы туралы өз ойыңды айт.<br>Досыңмен кейіпкерлердің диалогын құра.<br><br>2-тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Суретте қандай аң жасырынып тұрғанын тап.<br><br>Балалар ертегіні тыңдай отырып, түсінгендерін әңгімелей біледі.<br><br>Арыстанның тышқанды менсінбегенін, кейін тышқанның көмек бергенін түсінді. | ұқыпты қарауға қалыптастру<br>1-тапсырма<br>Біздің елде қандай жануарлар тіршілік етеді?<br>**Дидактикалық ойын: «Бұл қай ертегі?»**<br>Ойын шарты: Таныс ертегінің кейіпкерлерін тану, қимыл-қозғалысын айту. Сиқырлы қоржынға ертегі кейіпкерлеріне ұқсас ойыншықтар салынады. Педагогтің ұсынысымен бір бала шығып, қоржын ішінен бір ойыншықты алады, оны сипаттайды.<br>– Бұл қандай жануар?<br>– Қандай ертегіде кездеседі?<br>Қазір, балалар, сендер үш топқа – бәйтерек, көгершіндер, қарлығаштар тобына бөлінесіңдер.<br>– Тақтадан не көріп тұрсыңдар? (Ұяшықтар, слайдтан көрсетеді)<br>– Әр ұяшықта сандар бар.<br>– Ұяшық санын айтса, ұяшық ашылады.<br>– Ұяшықтан ертегінің суреті шығады. Сендер қай ертегі екенін тауып, сол тапқан ертегіні рөлге бөліп, сахналап көрсетесіңдер. Ол үшін қуыршақтарды, саусағымызды, ойыншықтар мен музыкалық тәсілдерді қолданамыз.<br>Әр топ өзі таңдаған ертегіні<br><br>көрсетеді<br><br>Тапсырма. Сызық арқылы ересек жануарларды балаларымен қос. Олардың қандай айырмашылықтары бар?<br><br>Тапсырма. Сызбаның көмегімен жабайы жануарлар туралы әңгіме құра. Олардың жыртқыш не шөпқоректі жануар екенін айтуды ұмытып кетпе.<br><br>Есіңде болсын!<br>Адам бәрін табиғаттан үйренеді. | ***Мақсаты:*** балаларды допты тура бағытта домалатуға жаттықтыру, мұғалімнің белгісі бойынша әрекет ету.<br>***Ойын барысы:*** Балалар сызықпен немесе баумен көрсетілген бастапқы сызықта тұрады. Әр баланың қолында доп бар (диаметрі үлкен). Тәрбиешінің нұсқауы бойынша балалар бастапқы позицияны алады – аяқтар иық енінде, доп бүгілген қолдарда кеудеде. Келесі бұйрық бойынша балалар еңкейіп, допты жігерлі қимылмен итеріп, алға қарай домалатады, содан кейін оның артынан жүгіреді. Олар бастапқы сызыққа қадаммен оралады. |

| Тілді жаттықтыратын тақпақ | Күй күмбірі- үзіліс | Қозғалмалы зерек ойындар «Автобус жүргізушісі» |
|---|---|---|
| **.Тілді жаттықтыратын тақпақ**<br>«Қуырмаш»<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қойыңа бар!<br>Сен тұр – жылқыңа бар!<br>Сен тұр – ешкіңе бар!<br>Сен тұр – сиырыңа бар!<br>Сен тұр – түйеңе бар!<br>Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат.<br>Мына жерде құрт бар,<br>Мына жерде май бар.<br>Мына жерде қатық бар,<br>Қытық, қытық! | <br> <br> | **«Автобус жүргізуші»     (қауіпсіздік сабағы)**<br>**Ойын мақсаты:**<br>Балаларды жүргізуші мамандығымен таныстырып, оның пайдасы мен қажеттілігін айқындау, еңбекті сүюге баулу,<br>Жол ережесін ,қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрету.<br>Қажетті атрибуттар: руль, абонементтер, орындықтар, микрофон.<br>Ойын шарты: Бір баланы автобус жүргізуші, екіншісін тексеруші етіп тағайындайды. Қалған балалар жүргіншілер. Егер ойын бөлмеде өткізілсе, орындықтар екі қатар етіп қойылады. Борменен еденге алдыңғы, артқы есік белгісін, яғни екі параллель сызығын сызады. Аялдамада тосып тұрған жүргіншілер артқы есіктен кіріп, біртіндеп қолдарындағы абонементтерін компостерге тесіп орындарына отырады.<br>Жүргізуші рөліндегі бала «ал кеттік» деп, аузымен мотордың дүрілін салып жүргізеді. Біраз жүрген соң, келесі аялдамаларды «дүкен, дәріхана, парк» деп микрофонмен хабарлағанда, әр аялдамада 4-5 баладан түсіп отырады. Тексеруші рөлін алғашқы кезде тәрбиеші өзі атқарады. Балалар автобустан түскенде қолдарындағы абонементтерін жинап алады. Автобустан түскен балалар «дүкен», т.б. орындарға кіріп, оны-мұны сатып алып, тағы да аялдамаға келіп тосады.<br>Ойынды осылайша қайта жалғастыруға болады |

**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Қоршаған ортамен танысу** | **Музыка** | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | **Сурет салу** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тақырыбы:**Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?<br>**Мақсаты: -**жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту;<br>-жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдын әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау қабілеттерін қалыптастыру;<br>-себеп-салдар байланысын анықтау қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау қабілеттері қалыптасады.<br><br>**Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».**<br>Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу.Ептілікке, жылдамдыққа баулу. | **Тықырыбы:**Күзгі серуен<br>**Мақсаты:** -әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру;<br>-музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау:музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту;<br>-қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:** музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды. музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгертеді;<br>-қимылдарды музыкаға ілесе орындайды. | **Тақырыбы:**Біз әртүрліміз<br>**Мақсаты: -**кедергілер арасымен еңбектеп өту жүрісімен жүруге, бір-бірінің артынан еңбектеп жүруге, шеңбер бойында қол ұстасып, шашырап және тоқтамай жүгіруге жаттықтыру. Биіктігі 20 см кедергілерден секіріп өту<br>**Күтілетін нәтиже:** кедергілер арасымен еңбектеп өту жүрісімен жүреді, бір-бірінің артынан еңбектеп жүреді, шеңбер бойында қол ұстасып, шашырап және тоқтамай жүгіруге жаттықты.<br><br>Ойынның шарты: Балалар допты аяқтың арасына қысып, секіру арқылы жарысады. Ойынды сапалы әрі тез аяқтаған команда жеңіске жетеді.<br><br>Келесі ойынымыз « Жүйрік | **Тақырыбы:**Күзгі серуен<br>**Мақсаты:** -әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру;<br>-музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау:музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту;<br>-қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:** музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды. музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгертеді. қимылдарды музыкаға ілесе орындайды.<br> | **Сабақтың тақырыбы:** Жаңбырлы күн.<br>*(Акварель бояу)*<br>**Мақсаты: -**мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйрету; қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;<br>-ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйренеді; қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптасады.<br><br>Бояумен жұмыс жасағандағы қауіпсіздік ережелерімен таныстырады. Ұқыпты болуға үйретеді.<br><br>1-тапсырма<br>Жаңбырлы күн қандай болады? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.<br>Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады<br><br>1-тапсырма. Суретке қара. Суретші бейнелеген жануарларды ата. Олардың қайда тіршілік ететінін білесің бе? Өзіңнің өлкеңде тіршілік ететін жануарларды белгіле.<br>Не артық?<br> | <br>«Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:<br>«Марш» (Е. Андосов)<br>**Билер: «**Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай | паровоз» жарысын бастаймыз.<br>Ойын шарты: бірінше бала паровоз, қалған балалар вагондары болады. Бірінші паровоз бала белгіленген жерден өзі айналып келіп, екінші баланы ертіп айналып келіп, үшінші баланы ертеді, жарыс осылай жалғаса береді. Жарыс соңында қай топтың паровозы вагондарын жинап мәреге бірінші жетсе сол топ жеңеді. | «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:<br>«Марш» (Е. Андосов)<br>**Билер: «**Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш»,<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай) | <br><br>2-тапсырма<br>Бояймыз<br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтапдұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |

**Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Жалғыз аяқ жолмен»**

| | | |
|---|---|---|
| **БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРН АЛҒАН ОЙЫНДАР**<br>Дауыстарын қайтала.<br>Аң біткенмен алысқан<br>Ақырады **арыстан:**<br>**А-а-а-а-а-а**<br>Нәзік дауысы қозының<br>Естіледі алыстан:<br>**Мә-ә-ә-ә-ә**<br>Дөңгелетіп аузыңды,<br>Жіңішкертіп даусыңды,<br>Бұзаумын деп ойла да,<br>Дауысын оның қайтала:<br>**Мө—ө-ө-ө** |  | **Қимылды жүгіруге арналған ойын: «Жалғыз аяқ жолмен»**<br>**Мақсаты:** ес, зейін, тыныс алу ырғағын дамыту.<br>**Ойынның шарты:** Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады да суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді де, сол тәртіппен қайта қайтады. Бұл ойынды учаскеде өткізген жақсы. Балалардың бір-бірімен соқтықпасы үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады. Күзде учаскедегі жолды ағашқа қарай бағыттап, балаларға сол жолмен жүріп отырып 2-3 жапырақ әкеліңдер деп ұсынған жақсы болады.<br>**Ұсыныс:** бұл тапсырма ойынды жандандыра түседі. Ойын үйдің ішінде өткізілгенде, жолдың аяқталар жеріне жалаулар немесе басқа ойыншықтар қою керек, балалар оларды алып келеді |

| | | |
|---|---|---|
| |  | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды үйгеқайтару**<br><br>***«Өнегелі 15минут»***<br>Ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы әңгімелесу | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдык жағдайлар жасаукажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы кажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Мектепке дейінгі тәрбиешісі:Шахманова К.А**